

**Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
Л.Н.ГУМИЛЕВА**

**L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Журналистика және саясаттану факультеті

Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы

**«ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: КЕШЕ, БҮГІН,  
ЕРТЕҢ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*2018 жылғы 14 желтоқсан*

**МАТЕРИАЛЫ**

международной научно-практической конференции

**«КАЗАХСКАЯ СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА: ВЧЕРА,  
СЕГОДНЯ, ЗАВТРА»**

*14 декабря 2018 года*

**MATERIALS**

of International scientific and practical conference

**KAZAKH SPORT JOURNALISM: YESTERDAY, TODAY AND  
TOMORROW**

Астана 2019

**ӘОЖ 070 (063)**

**КБЖ 76.01**

**Қ 17**

**Жауапты редактор: PhD доцент И.С.Рыстина**

**Құрастырушылар: Аға оқытушы Д.Дүйсебай, , оқытушы**

**А.Қалдыбекова, оқытушы Ш.Шәкенова**

**Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2018 жылғы 14 желтоқсан /құраст.: Д.Дүйсебай, А.Қалдыбекова, Ш.Шәкенова – Астана: Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019. - 187 б.**

Жинаққа «Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары - Қазақ спорт журналистикасының даму кезеңдері, интернеттегі спорт тақырыбы, спорттағы PR, қоғаммен байланыстың өзекті мәселелері туралы мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілерге, PR-мамандарына, журналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

**ӘОЖ 070 (063)**

**КБЖ 76.01**

© Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019

**ISBN978-601-337-114-6**

# Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

## Мазмұны

|  |    |
|--|----|
| ДҮЙСЕБАЙ Дүрәлі<br>ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТҮБІ ӘРІДЕ ЖАТЫР .....  | 4  |
| РЫСБЕК Қыдырбек<br>ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ СӨЗ САПТАУЫ ЖӘНЕ ІЗДЕНІСІ ТУРАЛЫ.....  | 9  |
| АХМЕТОВ Марат<br>СПОРТ САЛАСЫН НАСИХАТТАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК КӨЗҚАРАС.....  | 12 |
| САСАЕВ Нұрғазы<br>ИНТЕРНЕТТЕГІ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....  | 14 |
| ҚАЙРАТҰЛЫ Б.<br>ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ-РУХАНИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ<br>ҚҰНДЫЛЫҒЫ .....                                   | 16 |
| ТАЙЖАН Бақтияр<br>СПОРТТАҒЫ КӘСІПҚОЙЛЫҚ ЖУРНАЛИСТКЕ ДЕ КЕРЕК .....   | 27 |
| ПЯТИБРАТОВ Анатолий<br>В РАНГЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СТАТУСА.....   | 30 |
| ЫСҚАҚ Динара<br>ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ PR.....  | 34 |
| ҚАЛДЫБЕКОВА Айдана Жарқынбекқызы<br>СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ .....   | 39 |
| ЗУРАШЕВ Мереке<br>«SPORT» («ҚАЗАҚ СПОРТЫ») ГАЗЕТІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ БОЛМЫС .....  | 44 |
| СҰЛТАНБЕК Назерке<br>ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ" ЖОБАСЫНЫҢ СПОРТ ТАҚЫРЫБЫН НАСИХАТТАУҒА<br>ЖӘНЕ ЕЛ ИМИДЖІН ШЕТЕЛДЕ ТАНЫТУҒА ЫҚПАЛЫ ..... | 49 |
| ИМАНҒАЛИЕВ Бауыржан Сәбитұлы, ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратқызы<br>АДАМНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘСЕРІ .....    | 53 |
| МҰРАТ Айгерим<br>СПОРТИВНЫЙ ИМИДЖ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА МЕЖДУНАРОДНОЙ<br>АРЕНЕ .....   | 56 |
| СЫБАНБАЙ Сәкен<br>ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ ӨНЕГЕСІ.....  | 59 |

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

|  |     |
|--|-----|
| СЫБАНБАЙ Сәкен<br>МИКРОФОН АЛДЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫ.....   | 65  |
| ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратовна<br>СПОРТТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....   | 67  |
| БОЛАТОВА Гүлжауһар Жамбылқызы, АМАНЖОЛОВ Бекарыстан Нұрланұлы<br>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТОНОСАЯСАТ ЖӘНЕ БАҚ ТАРИХЫ,<br>ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ..... | 70  |
| ТҰРЖАН Оңайгүл, ЕГЕМБЕРДИЕВ Исках<br>ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТТЫҢ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ МАРКЕТИНГТІҢ<br>ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛЫ.....                     | 75  |
| ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, ТОКЕНОВА Диана<br>ПСИХОЛОГИЯ БРЕНДИНГА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОТРЕБИТЕЛЯ.....  | 82  |
| МУХАМБЕТОВА В. К.<br>ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ДОКУМЕНТАЛЬНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ.....   | 86  |
| ШӘКЕНОВА Шынар<br>ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЛЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ КРИЗИСТІК<br>КОММУНИКАЦИЯСЫ.....  | 89  |
| ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ, АЛГАЛИЕВА Гүлназым Сакенқызы<br>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ МЕН<br>ҚАЛЫПТАСУЫ.....                      | 92  |
| КУДАЙБЕРГЕНОВА А.С.<br>ТИПОЛОГИЯ АНАЛИЗ PR-ТЕКСТОВ В КАЗАХСТАНСКИХ ОНЛАЙН-СМИ:<br>НАТИВНАЯ РЕКЛАМА.....  | 97  |
| ДИДИГОВА Мадина Магомедовна<br>ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ ЖУРНАЛИСТОВ И ЗАЩИТА<br>ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....       | 102 |
| АЛЬКЕЕВА А.К<br>РОЛЬ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОДВИЖЕНИИ НЕКОММЕРЧЕСКИХ<br>ОРГАНИЗАЦИЙ.....  | 104 |
| ДАНИЛОВ Александр Сергеевич<br>ПРОЦЕСС ПЕРЕФОРМАТИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ В<br>РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....                            | 108 |
| АЯГАНОВА Асель Агыбаевна<br>РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ В КАЗАХСТАНЕ<br>ПОСРЕДСТВОМ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ.....                     | 112 |
| ИМАНГАЛИЕВА Маржан Әбдірәсілқызы<br>КОМПАНИЯДАҒЫ ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІН ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТІЛЕРІ.....   | 116 |

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

|   |     |
|---|-----|
| МОЛДАБАЕВ Хасен Советханұлы<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕДЕГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ<br>БАҒЫТТАРЫ ..... | 121 |
| ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ<br>БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ<br>ПУБЛИЦИСТИКАСЫ .....          | 129 |
| ҚАЖДАР Іңкәр Асқарқызы<br>ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИА-КОНТЕНТТЕРДІ САЛЫСТЫРУ .....                          | 132 |
| АЙТҚАЗЫ ҚЫЗЫ-ТУРЛЫХАНОВА М.<br>БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ PR-ДЫҢ ОРНЫ .....                                 | 137 |
| ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы<br>ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАЛАР .....   | 142 |
| БАБАЖАНОВА Дина Маратовна<br>«МЯГКАЯ СИЛА» КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СТРАНОВОГО ИМИДЖА<br>КАЗАХСТАНА.....     | 145 |
| КЕНЖЕБАЕВА Назым Қайратқызы<br>АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ МЕДИА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ.....                         | 149 |
| ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, МЕДЕТТЕГИ Асель<br>PR В НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ.....                                      | 154 |
| ШАКАРМАН Дана Қазбекқызы<br>ҚОҒАМДЫ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ.....                                  | 158 |
| АҚЫНОВА Аружан Алибиқызы<br>НЕЙРОМАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ .....                                | 162 |
| МҰРАТ Самал<br>КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫН ТАҢДАУ ЖОЛДАРЫ .....   | 167 |
| НУРТУГАН Сәтжол<br>ҰЙЫМДАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ .....  | 169 |
| ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы<br>«СӨЗ ҚҰРАҒАН» ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕМАТИГІ .....   | 172 |
| МЕКЕБАЕВА Мадина Булатовна<br>КАК DIGITAL-МАРКЕТИНГ И PR ВЛИЯЮТ НА РАЗВИТИЕ FASHION-БИЗНЕСА?<br>.....       | 176 |
| КАЙКЕНОВА Мархаба<br>PR КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ .....   | 180 |
| АДАЙХАНОВА Ұлмекен<br>МАНИПУЛЯЦИЯҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҰШЫРАЙСЫЗ?.....  | 182 |

## ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТҮБІ ӘРІДЕ ЖАТЫР

Дүйсебай дүрәлі

*Журналистика және саясаттану факультеті*

*Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының аға оқытушысы*

Біз журналистика туралы әңгіме еткенде сонау ата жазбаларымыздан – Орхон-Енисейден бастағымыз келіп тұрады. Өйткені онда әдебиет те, публицистика да, тіпті, азаматтық журналистика элементтерінің де көріністері бар /«Азаматтық журналистика дегеніміз не?», М.Жәпек, <https://articlekz.com/kk/article/16500/>.

Бүгінгі жұрт комментарий, комментатор тарихын ежелгі Эллада елінің қаһармандары Юлий Цезарь мен Аристотельден алып жатады. Ол бекер емес, өз кәсібін олардан артық білетін ешкім жоқ, әрине. Цезарь – соғыс өнерін, Аристотель философияны тұтастарынан артық білді. Аристотельді бүгінгілердің ұлы ұстаз санайтыны сол. Әлемдегі екінші ұстаз – біздің даңқты бабамыз әл-Фараби. Біз алып бабамызды көп ғылым бойынша алға тартып отыратынымыз сондықтан шығар.

Осы үлгілерді ұстана отырып, қазақ спорт журналистикасын біз күні кешеден емес, сонау Алпамыс, Қобыланды, Ер Төстік заманынан да іздегеніміз жөн.

«...Қазақ пен қалмақ қараған,

Құйындай шауып Шұбар ат,

Өте шықты арадан.

Күлмеген адам қалмады,

Жеңілген соң баладан.

Гүлбаршынның алдына

Көкпар әкеп тастады,

Өңгеріп серке даладан...» /«Батырлар жыры», 179-б, I том, Алматы – 2000/.

«... Керней, сырнай тарттырды,

Даңғара, дабыл қақтырды...

Неше дәулер, неше ерлер,

Қызметіне тақ тұрды,

Күніге көкпар шаптырды...» /«Батырлар жыры», 218-б, I том, Алматы – 2000/ немесе

«...Жаяу сүйреп көкпарды,

Не қылғаның, қарағым?..» / «Батырлар жыры», 237-б, I том, Алматы – 2000/ деп бүгінде ұлттық спортымыздың басы болып, елін сүйсіндіріп жүрген көкпарды алға тарта береді.

«... Ұлтан хан бір дарақтың басына жамбы қойып, кім атып түсірсе, Қарлығашты беретін болып, бәйге тігіп жатыр дейді...» /«Батырлар

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

жыры», 243-б, I том, Алматы – 2000/, бүгінде «нысана көздеу», «садақ тарту» деген спорттық терминдер сол тұстан бастау алатынын білсек етті.

Жалпы спорт журналистикасы ептеп дами бастаған кезде термин іздеп шапқылағанымыз рас (әлі де іздеумен жүрміз). Сол сәтте бізге осы батырлар жыры, ертегілер, қысқасы, қазақ ауыз әдебиеті көмекке келгенін бүгін біріміз білсек, біріміз білмейміз. «Копье» дегенді – «найза», «лук» дегенді «садақ» деп алдық. Алысқа барған жоқпыз, сөз ойлап бас қатырған жоқпыз. Әлі де 200-ден астам спорт түрінің терминдеріне балама іздесек фольклорды қарайық дейтініміз сол.

Алпамыс батырдың тарихта болған адам екендігін ғалымдар жоққа шығармайды. Ол – шамамен б.з.б. 110-50 жылдары өмір сүрген қолбасшы, батыр /3.296/ /«Қазақстан» ұлттық энциклопедия I том. – Алматы, 1998/. Бұдан шығатын қорытынды, бүгінде екі ғасырға жуық тарихы бар бұл дастан қазақ спорт журналистикасын тым алысқа әкетеді.

Аталған жырларда, ертегілерде тек көкпар, садақ тарту, жамбы ату ғана емес, спорттың басқа түрлері де әңгіме арқауына айналған. Мысалы, ат жарыстыру, аударыспақ, белдесу және басқа ұлттық ойындар, қазіргіше айтсақ, спорт түрлері көп сипатталады. Кең сөз болады.

«Ат жарыстыру» демекші, ат спортына бүкіл түркі халқының, оның ішінде дүйім қазақтың тікелей қатысы бар.

Бұл жөнінде мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың таяуда ғана жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында мынадай мысалдар келтіріледі: «Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды.

... Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбебұзарға айналды.

... Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі – ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды /Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры, «ЕҚ», №.../.

Бұдан шығатын қорытынды, осыдан алты мыңдай жыл бұрын атты ауыздықтап мініп, қолға үйреткен түркі халқы – бүгінде спорттың асай-мүсейіне айналған садақты да, қылышты да, найзаны да алғаш ойлап тапқан ел.

Осы бір-екі жыл көлемінде Қазақстанның еңбек сіңірген бапкері, кезінде белгілі спорт функционері болған Өтепқали Құралов ағамыз «Олимпиада ойындарын алғаш рет гректер емес, түркілердің ата-бабалары өткізген» деген тұжырым айтып жүр.

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

«Ғасырлар бойы ат үстінен түспеген бабаларымыздың талай ұлттық спорт түрлерінің дүниеге келіп, дамуына ықпал еткенін бүгінде қуана еске аламыз. Кезінде ел спортының қалыптасуы жолында еңбек еткен Өтепқали Құралов ағамыздың, түркі халқы атқа қатысты спорттың 39 түрін дүниеге әкелген екен. Өйткені түркі халқы, оның ішінде қазақ елі осыдан алты мың жыл бұрын ат жалын тартып, мініп, оның құлағында ойнаса бүгінгі таңдағы аламан бәйге, тай жарыс, құнан жарыс ат спорты түрлерімен бірге, найза лақтыру, жамбы ату, қылыштасу, аударыспақ, қыз қуу, қазақ күресі сияқты бәсекелер біздің жерде пайда болмады дегенге кім сенеді» дейді спорт журналистикасының ардагері Рабат Жәнібеков ағамыз.

Кім білсін, бізге ол дәуірден жазба тарих жоқ. Әр жерден іліп алған логикалық ойлар, мысалдар, пайымдар, елдің, өзгенің айтқаны болмаса. Бірақ бір анық, ол – ат спортының отаны Қазақстан, ежелгі түркі мекені. Ендеше Өтепқали ағамыздың тұжырымы шындыққа жақындау. Ат спортының ежелгі Эллада, бүгінгі грек еліне біздің ұлы даладан барғаны рас болуы тиіс деп болжам жасауға болады.

Бұл енді бізден әлдеқашан озған заманға қатысты. Ол кезгі спорт журналистикасының тарихы тереңде жатыр, әлі жеке зерттелер деген ойдамыз. Біздің мақсат ол кезең емес.

Осы заманға ойыссақ.

Он тоғызыншы ғасырдың аяғында қазақ жерінде газет-журналдар пайда бола бастағанда да қазақтың ұлттық ойындары туралы хабар-ошар, шағын мақалалардың жарияланып тұрған.

Бұл жиырмамыншы ғасырдың ортасына дейін созылды.

Рас, арасында телекомментаторларға байланысты фактілердің болғанынан хабарымыз бар. Белгілі спорт журналисі, бүгінде марқұм Өмірзақ Жолымбетов «алғашқы спорт комментаторы кім?» деген сұраққа қатысты Айтбай Хангелдиннің есімін ұлықтауға тырысады. Ол сол кездегі Түркомолдың тұңғыш және соңғы жетекшісі Ғани Мұратбаев 1928-1929 жылдары Ташкенде «Қазақ» футбол командасын құрып, Айтбай сол командада ойнағанын, ара-тұра радиоға жүгіріп келіп, репортаж жүргізіп кететінін айтады. Бұл – қазақ спорт комментаторлығының да жасын ұзартатын фактілердің бірі.

Ал қазақ спорт журналистикасының маңдайы жарқыраған тұс – 1959 жылы қаңтарда Қазақстанда тұңғыш спорттық кәсіби басылым – екі тілде шығатын «Спорт» газетінің дүниеге келуі. Алғашқы жылдары бас редакторсыз шықса да бұл үлкен құбылыс, қазақ спорт журналистикасы кеңістігіндегі жарқ еткен жұлдызға тең оқиға еді.

Аталған басылым әлі күнге дейін «қазақ спорт басылымдарының қарашаңырағы» деп бекер аталмайды. Рас, қазақ спорт әдебиетінің, қазақ спорт журналистикасының атасы болған Сейдахмет Бердіқұлов 1970-1986 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің редакторы болған тұсқа дейінгі аралықта «Спорт» газеті осы басылымның



## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

көлеңкесінде қалып кеткендей әсер қалдырды. «Лениншіл жастың» бір ғана «Сейсенбілік спорт беті» «Спорт» газетін ел есінен шығарып жібергендей еді. Оған себеп, бірінші, «Лениншіл жастың» жастар арасындағы, тек жастар ғана емес, қазақ зиялылар арасындағы беделі, екінші, жастар газетінде талдамалық мақалалар, еркін жазылатын, әдемі тілмен әсерлі берілетін «тірі», «жанды» мақалалар көп еді. Әбден зерттеуден өткен дүниелер жарияланатын. Сол кезде аталған газеттің спорт бөлімінде «жұлдызды» журналистер шоғыры жұмыс істеді. Қалдарбек Найманбаев, Орысбай Әбілдаев, Жарылқап Бейсенбаев, Несіп Жүнісбаев, Қыдырбек Рысбеков секілді талантты журналистер жалындай жарқырады. Алайда «Спорт» газетінің өзіндік көзірі – жеке газет болғандығы, онда да өз ісіне берілген, іскер, білікті спорт журналистерінің жұмыс істегендігі. Сматбек Төребеков, Сайын Тұрсынов, Жүсіп Хисымов, Дендербай Егізов, Ғалым Сүлейменов, Амангелді Сейітханов, Бейсен Құранбеков... секілді талантты журналистер осы газетте қызмет еткен еді.

«Спорт» газетінің кемелденген, шарықтау кезеңі – нағыз кәсіби журналист, жазушы-публицист, Сейдахмет Бердіқұловтың төл шәкірті Несіп Жүнісбаевтың бас редактор болып келуімен байланысты.

Әлгінде С.Бердіқұловты қазақ спорт әдебиеті мен журналистикасының атасы деп қалдық. Сейдахметке дейін спорт тақырыбы көтерілмеп пе, спортшылар туралы кітап жазылмап па дерсіз. Көтерілді, жазылды. Сәбит Мұхановтың «Балуан Шолақ» повесі, Сәкен Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит» әңгімесі, Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» хикаяты – керемет дүниелер. Осы үш шығарманың арқасында Қазақстанда қаншама спортшылар тәрбиеленіп шыққанын есептемей-ақ қоялық. Бірақ сол кездері қазақтың талай жастары Балуан Шолақ, Хамит, Қажымұқан болғысы келмеді дейсің. Әдебиет пен журналистиканың басты мақсаты осы – тәрбиелік, ұйымдастырушылық, ағартушылық қызметі екендігін біз білеміз. Алайда олар емес С.Бердіқұловтың осындай атаққа ие болуы, қазақ спорт әдебиеті мен журналистикасының негізін қалау құрметіне ие болу құпиясы неде, ендеше?!

Сейдахмет Бердіқұлов спорт тақырыбын әдебиетте де, журналистикада да кәсіби деңгейде жазып, биік дәрежеге жеткізді. Бір Бердіқұлов бешпетінен шыққан журналистер тек спорт саласында ғана емес, жалпы журналистикада мындап саналады. Сондықтан болар, спорт тақырыбын жазатын үздік журналистерге тағайындалған жұлде де С.Бердіқұлов атында. «Жұмыр жерде теңбіл доп» (А., «Жазушы» (1968), «Аспаннан шұға жауған күн» (А., «Жазушы» (1975), «Арбаған мәні бір сиқыр» (А., «Жалын», 1987) тағы басқа кітаптарының атауларының өзі бүгінде газеттерде, телерадио арналарында айдарға айналып, жұрт аузында мысал болып қалыптасып кетті.

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Сол Сейдағанның төл шәкірті Несіп Жүнісбаев қазақ спорт журналистикасының көшін басқарып келеді...

Мұндай адамдарды тарихта шежіреші дейді. Біздің сөз саптауымызда бұл «қазақ спортының шежіршісі». Әу баста қазақ спорт көсемсөзінің қаранары әрі дара нары Сейдахмет Бердіқұловтан қалған жүкті жалғыз емес, бүгінде қазақ спорт журналистикасының тарихшысы атанып жүрген Қыдырбек інісімен бірге көтерісіп келеді. Бірі шежіресін шетінен жіліктеп, бірі тарихын қопарып, түгендеп жүр. Оннан астам спорт тақырыбына жазылған кітаптың авторы. «Ауылдан шыққан алыптар» (1986), «Мексикадағы футбол тойы» (1988), «Футболмен тыныстаған Испания» (1989), «Олимпийский маршрут» (1999, 2002) атты еңбектері кітапсүйер қауымның үй-ішін көріктендіріп тұр.

Бірі олардың маңайында, бірі жеке-дара шауып жүрген қаншама таланттарымыз бар. Сонау бір советтік кезеңде «Қайсар» атты тұңғыш А-4 пішімді футбол газетін шығарған Серік Пірназарды біреу біліп, біреу білмес.

Қазір қазаққа қатысты халықаралық жарыстардың бірінен қалмайтын «Егемен Қазақстанның» бәйгеторысы Бақтияр Тайжанды кім білмейді?! Қазақтың қара сөзіне сұлу бейнелі өлең құдіретін байлап жіберген ұлы ақындарымыз секілді спорттың ресми тілін ойнатып жүрген қара, дара баланың бірі осы Бақтияр. Осында отырған Нұрғазы Сасаев, Бекен Қайратұлының әрқайсысы бір тарих. Ат арылтып Тараздан келген Марат Ахметов те, қазақ қыздарынан спорт журналистикасын серік етіп қана қоймай, бүгінгіше, жаңаша жазуға бет бұрған Динара Ысқақ та, Назерке Сұлтанбек те елге танылған тұлғалар.

Енді аз-кем осы конференцияның өтуіне тікелей себеп болған «Қазақ спорты» газеті туралы.

Бастапқыда басылым жауапты хатшының бақылауымен Бас редакторсыз жұмыс істеп жүрді. Араға үш жыл салып, яғни 1962 жылы газет тізгінін танымал спорт журналисі Саматбек Төребеков қолына алып, басылымның жаңа тынысы ашылғандай болды. Төребеков «Спортқа» 1982 жылға дейін басшылық етті. Сол жылы ол кісінің қазасынан соң тұңғыш спорт басылымына бұған дейін ҚазТАГ-та абыройлы қызмет етіп келген Амангелді Жақсыбеков бас редактор болып тағайындалды. Газеттің сұранысқа ие болғандығын оның таралымы Орталық комитеттің органы болып табылатын «Правда» газетінің таралымынан әлдеқайда жоғары болғандығынан да аңғару қиын емес. Мұны спорт комментаторы әрі газетке тұрақты мақала жазып тұрған Рабат Жәнібеков растайды. «Оқырман санын арттыру үшін «Правда» спортқа көңіл бөліп, бет арнады» дейді Р.Жәнібеков.

Спорт саласына жаңа басшылықтың келуімен 2011 жылы «Спортқа» қайта «жан» бітіп, тамырына қан тарады. Газет бетінде тәжірибелі журналистер мен жастарға да қатар орын берілді. «Спорт» жаңа деңгейге көтерілді. Лондон, Сочи олимпиадаларынан тұщымды

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

ақпараттар таратылып тұрды. 2014 жылы елімізде газеттер жекешелендіріле бастағанда «Sport» та өз құрылтайшысы – спорт ведомствосынан кетуге мәжбүр болды. Соңғы жылдарда ел спортының дамуына үлес қосып жүрген «Қазақ спорты» басылымы қаржылық қиындыққа тап болып, 2016 жылы спорттың мүддесі үшін жұмыс істейтін екі басылым біріктірілді. Сөйтіп қазақ спорт журналистикасының қарашаңырағы болған бұрынғы «Sport» газеті «Қазақ спорты» деп аталды.

Жаңа құрылтайшының арқасында мемлекеттік қаржыландырудан алыстап, тағдырдың талайында қалған «Қазақ спорты» - «Спорт» газеттері нарық заңына бейімделіп, жаңа белестерге беттеп келеді. Бүгінде құрамында Төлеубек Қадырмоллаев, Мәдина Асылбек, Бек Төлеуов, Арсен Нұртазин, Оңдасын Елубай, Мәулетхан Ақсанов секілді тәжірибелі және Арайлым Темірханова, Бақытбек Қадырұлы сынды талантты жастар еңбек ететін берік ұжымға айналды.

«Қазақ спорты» өз оқырмандарымен әр аптаның сейсенбісінде қауышып келеді. Айтары жоқ, әзірге газеттің таралымы он мың данаға жете қоймаса да, бұл басылымның қарышты қадамы көңіл қуантады. Әсіресе, «Жаһан жаңалықтары», «Аймағы мықты ел – айбынды ел!», «Өмір – дода», «Таразы», «Ала доп айшықтары», «Алаштың ұлы – намыстың құлы», «Жарыс көрігі – намыс», «Заманынан озып туған», «Топжарған» айдарларымен беріліп жүрген мақалалар мен топтамалардың айтар ойы, көтеріп жүрген жүгі салмақты. Түрлі-түсті суреттерімен, ерекше безендіруімен шығатын газеттен спортсүйер қауым өз іздегенін оңай табады. Сондай-ақ спорт әлемінің бүгінгі мен бұрынғы спорт саңлақтарының өмір жолдары да ешкімді жалықтырмайды. Намыс отын маздататын әр мақала оқырманға үлкен ой салады, түрлі сезімге бөлейді. Жаһанда болып жатқан спорт жарыстарының ішінде жүргендей сезінесің өзінді. Әр мақаланың тілі жеңіл, жатық оқылады. Міне, бүгінгі «Қазақ спортының» аяқ алысы осындай» дейді газетіміздің тұрақты оқырманы әрі белгілі журналист Орынтай Көмеков.

Бүгін газет ұжымының алдында қиын да күрделі мәселелер тұр. Ол орындалмайтын, жүзеге аспайтын мәселелер емес. Басылым қызметкерлері бұл жағдайдан да жол тауып, қиналмай өтетініне сенімді. Ең бастысы, спорт тақырыбына қалам тербейтін жастардың көбейіп келе жатқаны. Бұл – қазақ спорт журналистикасының болашағы жарқын деген сөз.